



М.ҚАШҚАРИ ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ МЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мамутова Гулдарига Туремуратовна

Қазақстан Республикасы «Өрлеу» БАҰО АҚ

*Маңғыстау облысы бойынша «Кәсіби даму институты» филиалы,
педагогика ғылымдарының магистрі*

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.17704044>

Атам заманнан еркін өмір сүрген, рухы биік, парасаты мол ата-бабаларымыздың арқасында қазақ ұлты байлыққа толы ұлан-байтақ жер, бай тіл, дамыған ұлттық өнер мен мәдениет, табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге бағыттайтын қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, парасатты ұлттық болмысы сияқты құндылықтарға ие болған. Тарихта «көшпенділер» ретінде танымал болған бабаларымыз мал өсіру мен оның өнімдерін ұқсату мәдениетін жоғары деңгейге көтеріп, ат тұяғы жеткен жердің бәрін тиімді пайдаланып, қоршаған ортамен - табиғатпен үйлесімді қарым - қатынас орната білген, өз болмысы мен заманына сай бақытты өмір сүріп, ұлт мәдениетін дамытқан.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, оған үлкен жауапкершілікпен қараған. Ертедегі қазақ қоғамы адамның жан-дүниесін ашатын орта болған, сондықтан ата-әжелерінен таза ұлттық тәрбие алып, қазақ үніне уызында қанған Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынұлы сынды көптеген Алаш арыстары ұрпағына ұзақ жылдар рухани азық болар туындыларын беру арқылы мәңгі өшпейтін өз үндерін қазақ мәдениетіне қосып кетті. Елінің болашағын ойлайтын әрбір азамат өз ұрпағының бойына осы ұлттық құндылықтарды сіңіруі тиіс. Өйткені бүгінгі таңда ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһандандудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда оқу-тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен мектептің өзара байланысынан көрінеді. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ата-ананың ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілігін және мұғалімнің білімі мен шеберлігін талап етеді.

Бүгінгі білім беру ұйымдарының алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына



халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр мен үлгі-өнегені сіңіру. Бұл қазақ педагогика ғылымының қайнар көздерін қайтадан саралап, мазмұнына терең бойлауды талап етеді.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын академик философ Әбдімәлік Нысанбаев атап өткеніндей, түркілік кезеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан ата тегіміз болып келетін түркі халықтарының ділі мен дінін, дүниетанымы мен әлемді философиялық тұрғыдан игеру тәжірибесін толық ескеруіміз керек. Шығыстың бай педагогикалық және тәлім-тәрбиелік ой-санасы, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық дүниетанымы халық шығармашылығы мен ұлы ойшылдардың тәлім-тәрбиелік идеяларынан құралады. Адам мен дүниенің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға танытуын, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ педагогикасының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ педагогикасы шығыстық педагогикадағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан педагогика болып табылады. Қазіргі жаһандану дәуірінде көненің көзіндей болып, бізге ғасырлар қойнауынан жеткен педагогикалық мұраларымызды өзара ықпалдастық пен тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырудың маңызы өте зор.

Сол мұралардың бірі XI ғасырда өмір сүрген түркі ғұламасы Махмұт Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» еңбегі барлық түркі өркениетінің шежіресі ретінде ерекше бағаланады. Бұл еңбек жалпыадамзаттық, ұлттық және адами құндылықтардың жүйесі ретінде педагогика ғылымының төрінен орын алады. Философиялық әрі педагогикалық трактат пен тіл білімінің негізін тұжырымдаған аталмыш еңбек барлық түрік мәдениетін әлемдік деңгейге көтеріп, оның құндылығын айқындай түседі.

Ғұламаның атақты еңбегін оқи отырып, оның тек сөздік немесе тілтану мәселелерін ғана қарастырған еңбек еместігін, онда біздің ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесі бойынша тәжірибесі жинақталып, түркі халқының педагогикалық тұжырымдамасы негізделгенін айқын көруге болады. М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасына халықтық педагогика арқау болған. Бұл жөнінде қазақстандық көрнекті ғалымдар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Г.М.Храпченко, В.Г.Храпченко құнды пікірлер айтып, өз еңбектеріне М.Қашқаридің педагогикалық идеяларын арқау еткен.

М.Қашқаридің педагогикалық ой-пікірлері бойынша жүргізілген зерттеулер ғұламаның педагогика ғылымының қалыптасуында өзіндік үлесі бар екендігін



айғақтайды. Ол «Мен істі оңайлату үшін әрі кітапты ықшамдау үшін, менен бұрын ешкім түзбеген уа ешкім ешкімге мәлім болмаған өзгеше бір тәртіпте түзіп шықтым. Бұл жазған еңбегім талапқа сай болсын, пайдаланушыларға анық, қолдануға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлшем үлгілерін жасадым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым. Сондықтан, сөздің қысқасы жақсы, ілгері кеткендерге тура нышан көрсетіп, кең жол ашып беру үшін, өрлеп-өсу ниетіндегілерге саты қойып беру үшін осыларды істедім. Түрік халықтарының көрген-білгендерін толғайтын ақын-жыраулардан, қайғылы да қуанышты күндерде шыққан мағынасы терең мақал-мәтелдерден мысалдар келтірдім, енді мұны пайдаланғандар кейінгілерге, олар өзінен кейінгілерге жеткізсін» [1], - деп, педагогика ғылымының алдына тың міндеттер қоя білген.

М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізін дидактика мәселелері құрайды. Ғұлама арнайы «дидактика» терминін қолданып, оны педагогика ғылымының саласы – оқыту теориясы ретінде анықтамағанымен, оның еңбегінің өн бойынан дидактикалық мазмұн айқын көрініп тұрады. Дидактиканың қазіргі кезде арнайы ғылым саласы ретінде анықталып, оның заңдылықтары мен негізгі зерттеу мәселелері айқындалып отырған бүгінгі таңда М.Қашқаридің еңбегіндегі дидактиканың көрініс беруін аңғару қиын емес. М.Қашқари дидактикасын екі деңгейде қарастыруға болады: жалпы дидактика және дербес дидактика. Жалпы дидактика тұрғысынан алып қарасақ, біріншіден, ғұлама білім беру, оқыту, үйрету, пайымдау сияқты дидактиканың негізгі ұғымдарына анықтама берген, екіншіден, білім беру мазмұнын, оқытудың принциптерін, әдістері және құралдарын айқындаған. Білім беруді ғұлама адамзаттың жинақтаған тәжірибесін, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі деп біліп, соған сәйкес барлық материалдарды өз еңбегіне арқау етеді. Оқытудың мұғалімнің басшылығымен іске асырылатын іс-әрекет, соның нәтижесінде адамның жан-жақты дамуы, білім, білік, дағдыны игеруі көзделетінін анықтайды. Мұның дәлелі ғұламаның оқыту, білім беруге берген түсініктемелері мен ой-тұжырымдары болып табылады [3]:

Ерендер озған еді (өткен еді),
Таудай білікті, өнерлі бектер еді;
(Олар) көп насихат - өсиет айтты,
Көңілім содан сара болады.
Өсиет алғын білге ерен сөздерінен,
Ізгі сөз қастерлесе ділге сіңер!



Иемді мақтармын,
Білікті топтармын;
Көңілді түптермін,
Үстіне өнер үйілер [1].

М.Қашқари еңбегінде ғылымның әр саласынан білім беру көзделген, егер білім берудің басты қызметі алдыңғы ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жеткізу болса, ғұлама ең алдымен, білім берудің осы қызметін іске асыруды мақсат етіп қойған. «Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-түрк» деген ат бердім» [1],-дей отырып, өз оқырманына түркі өркениетінің тарихы, тілі, әдебиеті, географиясы, қоғамы және өмір салты туралы білім беруді көздейді.

«Түрік тілінің сөздігіне» енген мақал-мәтелдер мен өлең, жыр жолдарының барлығы да оның педагогикалық сипатын айқын танытады. Халық педагогикасының бай тәжірибесін өз зерттеуінде топтастырып беруі оның тәрбие мәселесі бойынша білімінің өте тереңдігін байқатады.

Көне замандағы түркілердің тыныс-тіршілігінен хабар беретін «Түрік тілінің сөздігінен» сол кезеңдегі өмір шындығы, сол қоғамдағы тұлға бейнесі айқын көрінеді. Бұл еңбекте адамзаттың дүниені танудағы алғашқы ой-тұжырымдары мен табиғаттың тылсым сырын түсінуге құлшынысы, діни наным-сенімдер, қаһармандық рух, тәлімдік-тәрбиелік тағылымдар баяндалып, осылардың барлығын ұрпақ санасына сіңіру арқылы тұлға қалыптастыруға баса назар аударылады. Бұдан ғұламаның негізгі ой-пікірлері жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталғанын, тәрбие мәселесіне арналғанын көреміз. Мысалы:

«Бақпас халық сүйкімсіз,
Сұрықсыз жүз сараңға.
Түзулікті ал, ұлым,
Қалсын даңқың соңында» немесе
«Заман өтер, кісі тоймас,

Адам ұлы мәңгі қалмас» [1], - деген өлең жолдары қазіргі педагогиканың негізгі зерттеу пәні адам мәселесіне арналып тұрғанын аңғартады. Мұндағы басты түйін – осы өмірде адам болу, «Адам» деген ұлы атқа құрметпен қарау, адамның өмірдегі орнының мәнін түсіну. Мұның өзі қазіргі педагогикадағы тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты - қоғамға қажет және пайдалы жеке тұлғаны қалыптастырумен тікелей астасып жатыр.

«Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле,



Елде ұлық, дана болып, білік үлес» [1], - деген ғұламаның ұлағатты ой-пікірі жас ұрпақты даналыққа, тәрбиелі болуға, білімді болуға, ел басқару дәрежесіне жетсе, халқына, еліне жақсылық жасауға, ізгі ниетті, парасатты тұлға болуға шақырады. М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізгі өзегі - орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі - «ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақлақты насихатын ұстанған» ірі тұлға. Өз заманындағы түркі баласының бейнесі туралы Махмұт Қашқари былай дейді: «Ұлы тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» депті. Бұл түріктердің басқа жұртқа қарағанда үстем екендігін көрсетеді. Сондықтан да Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең әуесі таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «Өз қосыным» деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай көп мақтаулы қасиеттерге ие. Бұл сипаттар мынадай жырда жырланған: Қашан көрсең оны түрк, Айтар оған ел мұны: Соған тиер ұлылық, Содан кейін үзілер!» [1]. М.Қашқари сипаттаған түркі баласының бейнесі рухани бай, адамгершілігі жоғары тұлға ретінде сомдалады.

«Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе,

Кішік болғын, бектер қатарында жақсылықты жалғастыр» [1], - деп, аға ұрпақ өкілдерінен үлгі ала отырып, олардың ізін жалғастыруды және оны кейінгі ұрпаққа жеткізуді насихаттайды. «Білікті, дана адамдарды тап, соларға еріп, еліктеп, жақын жүріп, олардан өнеге көр, ұқсап бақ» - деп жастарға бағыт береді.

М.Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының бүгінгі күндегі жас ұрпаққа тәрбие беру мақсатымен сабақтастығын қазіргі білім беру саласында қолданылып жүрген мұғалім мен оқушының арасындағы тұлғалық қарым-қатынасты, оқушыны тұлға ретінде құрметтеуді, оның моральдық-этикалық қасиеттерін, әлеуетті қабілеттерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамытуды білдіретін тұлғаға бағдарланған тәсілдің өзектілігінен де аңғаруға болады.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тұлғаға бағдарланған тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруді, күрделі мәселелерді талқылау барысында өзінің ой-пікірін анықтау мен қорғай білу дағдыларын қалыптастыруды, өз бетінше тұжырым, қорытынды шығару, қарастырылып отырған оқиғалар мен үдерістерге өзіндік көзқарасы мен пікірін білдіруді көздейді. Бұл тәсіл оқушының жеке тұлғасын,



рухани қырларын біртұтас үйлесімді жүйеде қалыптастыруды көздейді. Сондықтан тұлғаға бағдарланған оқыту жүйесінде сабақтың алатын орны аса маңызды болып табылады [2].

Мұғалімдерден сабақтың тақырыбына, оқу мақсатына сәйкес әр сабақта рухани құндылықтарды негізге ала отырып, патриоттық сезімі, ұлттық санасы мен рухы, азаматтығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіруге бағыттау талап етіледі. Сондықтан оқыту әрекетінде мұғалім бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы тиіс. Сонда ғана оқушы өз тарапынан белсенділік танытып, дербестікке ұмтылады, оның өзіне деген сенімі артады. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият саралауы тиіс.

Бұл талапты мұғалім сабақта түрлі белсенді оқыту тәсілдерін қолдана отырып жүзеге асыра алады. Жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған белсенді оқыту әдістерінің түрлері өте көп. Солардың ішінде бүгінгі педагогикадағы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойын арқылы өмірге бейімдеу, алған білімін өмірде пайдалануға бағыттау сияқты ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелер айқын көрініс тапқан М.Қашқари еңбегінде айтылатын ойын арқылы білім беру мен тәрбиелеуге тоқталғым келеді. «Түрік тілінің сөздігінен» сол заманда баланы ептілікке, ұтқырлыққа, ой жүйріктігіне, болашақ тұрмысқа баулитын мәні басым ойын түрлерінің болғандығын көруге болады. XI ғасырдағы түрік баласының ойыншығы олардың шығармашылығының жемісі болады. Себебі олар өз талғамдарына қарай ойыншық жасайтын болған [4].

Педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі. Өйткені балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмір бақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман, қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным түсінігіне де әсер етеді. Халқымыз ойынға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Қазақ халқында алты жас пен он екі жас аралығындағы бала ойын баласы деп аталған. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ол айналадағы дүниені танудың тәсілі ретінде балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап,



толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Егер мұғалім баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссе, онда баланың күштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі. Белгілі ғалым, психолог Д.Б.Элконин: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге бағалауға үйретеді» [5] дейді.

Кез-келген сала сияқты педагогика да өмір бойы ізденуді, дамуды, жаңаруды талап етеді. Ол өткеннен сабақ алып, көңілге түю, өзіндік тұжырым жасап, тәжірибеде қолдану арқылы жүзеге асады. Яғни, ұлы ғұламалардың адам тәрбиесі жөніндегі ілімдерін, дүниетанымын педагогикалық талдаудан өткізу арқылы әр мұғалім өзінің рухани дүниесін байытады, рухани сабақтастықтың мәдениет пен педагогикалық жүйе тұтастығын сақтауға қызмет ететінін көрсетуге мүмкіндіктер ашады, қоғамды ізгілендіру тұрғысынан ұрпақтар сабақтастығын нығайту үшін қызмет атқарады, педагогикалық ойлау жүйесін өркениеттік дамудың талаптары бойынша жаңаша бағалауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы, 1997 ж.
2. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016 ж.
3. Қазіргі қазақ педагогика ғылымындағы әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің тәлім-тәрбиелік идеялары. Қарағанды, 2008 ж.
4. М.Қашқари педагогикасы (оқу құралы) Б.Әбдікәрімұлы, Қ.А. Сарбасова. Қарағанды, 2008 ж.
5. Эльконин Д.Б. Психология игры. – Москва, Педагогика, 1978 г.